

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ
«Т.ЖАРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ

«Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ
ӨЗІН-ӨЗІ АТТЕСТАТТАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

2021-2022 оқу жылы

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің
мектепшілік өзін-өзі аттестациядан өткізу
қорытындысы туралы
АНЫҚТАМА**

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2022 жылдың ақпан айының 7-12 аралығында мектеп басшысының 07.02.2022жылдың №5 бұйрығына сәйкес мектепшілік өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Мектепшілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілді.

1. Тлеулина А.Р. - комиссия төрайымы, мектеп директоры.

2. Әзиева Ә.Ж. - комиссия төрайымының орынбасары, директордың оқу ісі орынбасары.

3. Бакенова Ж.А. - комиссия төрайымының орынбасары, директордың бастауыш ісі жөніндегі орынбасары.

4. Әлжанов А.Қ. - комиссия төрайымының орынбасары, директордың тәрбие ісі орынбасары.

5. Танатарова С.У. – комиссия төрайымының орынбасары, директордың әдістемелік істері жөніндегі орынбасары.

Комиссия мүшелері мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде, зерттеуде келесідей бөлімдер қамтылды.

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.

2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.

4. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

5. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

6. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

7. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып

тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

9. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі).

10. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі).

11. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі).

12. ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі).

13. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу.

14. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру.

15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.

16. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

17. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);

2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

4) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

5) 4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

18. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.

«Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2015 жылы салынған.

Жалпы орта білім беретін мектеп 2 қабатты.

Жобалық сыйымдылығы - 320 орындық.

Мекеме ғимаратының түрі: типтік.

Жалпы көлемі: 3593,9 ш.м.

Меншік түрі: Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

Мекен жайы: Қарауылкелді ауылы, Ә.Төленов көшесі, 15 үй

Телефон: +7 (713 45) 23 0 05; +7 (713 45) 23 5 73

E-mail: tobyk_school.06@mail.ru

Оқу тілі: қазақ тілі

Мектеп директоры Глеулина Айгүл Рзаевна Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі басшысының 2021 жылдың 05 ақпанындағы №26 бұйрығымен Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Мектеп мемлекеттік аттестаттаудан 2017 жылы өтті. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаменті, № 123-НҚ 27.02.2017 жыл.

Істер номенклатурасы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбегі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді).

Ақтөбе облысының білім басқарасының 2021 жылғы 18 наурыздағы № 1 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» негізінде құрастырылды.

Білім беру мекемесінің іс қағаздары:

01-Басшылық және бақылау

02-Кадрлармен жұмыс

03-Оқушылармен жұмыс

04- Оқу бөлімі

05- Оқу-әдістемелік бөлімі

06- Оқу-тәрбие бөлімі

07-Психолог кабинеті

08-Кітапхана

09-Медициналық бөлім

10-Шаруашылық бөлімі

11-Әлеуметтік педагогтың жұмысы

12-Кәсіподақ комитеті.

Өзін-өзі бағалау кезінде құжаттар реті номенклатураға сәйкес жүргізілген, құжаттар реті номенклатураға сәйкес.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бәб 3 тармағына және 16-бабының 1- тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырындағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылғы 2 қыркүйекте №47 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы 7 адамнан тұрады.

2021-2022 оқу жылы 39 класс комплектісімен басталды. Бастауыш класта 15 сынып жиынтығында 336 оқушы болса, орта буында - 20 сынып жиынтығында 402 оқушы, сонымен қатар жоғары буында 4 сынып жиынтығы 75 оқушы контингентін құрайды.

2021-2022 оқу жылында «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқу-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі.

2021-2022 оқу жылында «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ-нде 1-11 класс аралығындағы оқушы саны оқу жылының басында 820 оқушы болса, қазіргі таңда 813 оқушы, мектепалды даярлық кластарында 74 тәрбиеленуші бар. Мектепте мектепалды даярлық топтарын қоса алғанда 42 класс-комплектісі, 887 оқушы бар.

Сыныптар реттілігі	Оқушы саны
МАД №1,2,3 топтары	74
1 сынып (литер: а,ә,б)	76
2сынып (литер: а,ә,б,в)	89
3сынып (литер: а,ә,б,в,г)	96
4 сынып (литер: а,ә,б)	75
5 сынып (литер: а,ә,б,в,г)	99
6 сынып (литер: а,ә,б,в,г)	96
7 сынып (литер: а,ә,б,в)	82
8 сынып (литер: а,ә,б)	52
9 сынып (литер: а,ә,б)	73
10 сынып (литер: а,ә)	31
11 сынып (литер: а,ә)	44
Барлығы	887

Оқу процесін ұйымдастыру «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604

бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 наурыздағы №90 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген).

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 наурыздағы №90 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген.)

Мектептің негізгі мақсаты: Заман талабының өзгерістерін бойына сіңірген жаңашыл адамгершілігі мен шығармашылық белсенділігі жоғары, алған білімі мен тәрбиесін өмірде нақты қолданатын тұлға қалыптастыру.

Міндеттері мен мақсаттары:

- Білім туралы Заңды жүзеге асыру мақсатында жеке тұлғаның білім алу қажеттілігін, дағдысын қалыптастыру;

- тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік стандартын, нормативті құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру жұмыстарын ұйымдастыру;

- оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;

- жас мамандарға, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне педагогтік қызметте жас ерекшелігін ескере отырып, диагностикалық, сараланған негізде әдістемелік көмек көрсету;

- білім берудің жеке сипатын дамыту, білім берудің заманауи инновациялық технологияларын енгізу;

- баланың өзін-өзі еркін дамыту және оның өміршендігі аймағын кеңейту жүйесін құру;

- оқушылардың мектептік өзін-өзі басқаруды дамыту шарты ретінде көшбасшылық қасиеттерін және болашағы үшін жауапкершілікті жетілдіру;

- дарынды балалармен жұмыс жүйесін іске асыру;

- үш тілді дамыту, тіл және жалпы мәдениетті өзара байланысты дамыту;

- инклюзивті білім беруді дамытудың инновациялық тетіктері мен жағдайларын жасау;

- рухани-адамгершілік құндылықтарды, патриотизмді нығайту және оқушылардың азаматтық белсенділігін арттыру;

- адамгершілік құндылықтарды дамыту және педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру;

- материалдық-техникалық жағдайлар жасау.

Оқушыларға арналған оқу жүктемесі МЖМБС талаптарына сай жасалған. Әр сынып бойынша апталық сағат жүктемесі:

Сыныптар	Апталық жүктемесі	Сыныптар	Апталық жүктемесі	Сыныптар	Апталық жүктемесі
1 а	27,5 сағат	5 а	43сағат	8 ә	46 сағат
1 ә	27,5 сағат	5 ә	31 сағат	8 б	35 сағат
1 б	27,5 сағат	5 б	43 сағат	9 а	47 сғат
2 а	29 сағат	5 в	43 сағат	9 ә	47 сағат
2 ә	29 сағат	5 г	31сағат	9 б	47 сағат
2 б	29 сағат	6 а	43 сағат	10 а	37 сағат
2 в	29 сағат	6 ә	43 сағат	10 ә	37 сағат
3 а	34 сағат	6 б	43 сағат	11 а	47 сағат
3 ә	32 сағат	6 в	31 сағат	11 ә	47 сағат
3 б	27 сағат	6 г	43 сағат		
3 в	33 сағат	7 а	55 сағат		
3 г	27 сағат	7 ә	45 сағат		
4 а	33 сағат	7 б	45 сағат		
4 ә	33 сағат	7 в	45 сағат		
4 б	33 сағат	8 а	35 сағат		

1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

Мектепалды даярлық сыныптарында білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектептің мектепалды даярлық топтарының оқу жоспары құрылып жұмыс жүргізілуде.

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

МАД топтарында оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу; қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру; тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету; тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау; креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада

жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылуда.

“Рухани жаңғыру” бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша оқу тәуелсіздігімізге қатысты айтулы мереке күндері, Наурыз мерекесі, ертеңгіліктер, денсаулық сабақтары, сауықтыру шаралары т.б. жоспарға сәйкес ұйымдастырылып өткізіледі. Сонымен қатар әр оқу жылында ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар жыл сайын қайта дайындалып, бекітілді.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдар тізбесі

Мектепалды даярлық топтарында (3 топ) әр топтың оқу кабинетінде 2 жартылай ашық шкаф, 2 стеллаж, 1 мұғалім үстелі бар. Білім алушыларға 2015 жылы инвентарьдан шығарылған парта орындығымен пайдаланылуда (мектептің жобалық сыйымдылығы 320 орынға арналғанымен, қазір мектепте МАД топтарын қоса алғанда 887 оқушының білім алуына байланысты инвентарьдан шығарылған жиһаздарды қолдануға тура келеді).

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін педагогтер мәліметі.

Мектепалды даярлық топтарында "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша өз мамандықтарына сәйкес педагогтер қызмет етеді (педагогтердің дипломдарының көшірмесі қоса берілді).

Мектепке дейінгі тәрбие педагогтарының пайыздық үлесі 100%

№	Толық аты-жөні (төлқұжат бойынша)	Туған жылы, айы, күні	Білімі	Бітірген оқу орны	Диплом бойынша мамандығы	Жүргізетін пәні	Пед.өтілі (жалпы, қыз)		Санаты бұйрық № жылы, күні
							жалпы	қызметі бойынша	
1	Айжарық Арайлым Айжарыққызы	02.03.1987	жоғары	Ақтөбе МПИ 2012ж	мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	МАД	14	14	Педагог-сарапшы 23.12.2021 №198/1
2	Кадирбаева Жансая Жанабаевна	03.01.1980	арнаулы	көпсалалы «Болашақ» колледж	мектепке дейінгі	МАД	5	5	Педагог-модератор

			орта	2016ж	тәрбие және оқыту				25.12.2020 №69
3	Әділқызы Изаура	23.11. 1997	Арнаулы орта	Ақтөбе көпсалалы АГУ «Тарлан» колледжі 2019ж	Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеші	МАД	0	0	

5. МАД топтарында ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілер жоқ.

6. МАД топтарының балаларының даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері.

Қазіргі таңда мектепалды даярлықтың 3 тобындағы 74 тәрбиеленушінің әрқайсысының жетістіктерінің нәтижелерін бақылауға мүмкіндік беретін жеке даму картасы бар. Жеке даму картасында: денсаулық, коммуникация, таным, шығармашылық, әлеумет секілді бес білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары бастапқы бақылаудан кейін, аралық бақылаудан кейін, қорытынды бақылаудан кейін түзету іс-шараларының жалпы қорытындысы шығарылады. Қыркүйек айынан наурыз айына дейінгі аралықта бастапқы бақылау мен аралық бақылау өткізіліп әр білім алушының жеке дамуы анықталды. Осы жылдың мамыр айында соңғы бақылау алынып, қорытындысы шығарылатын болады.


7. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса берілді);

“Таным топ” байқауында “Танимыз” бағытынан 50 тәрбиеленуші республикалық деңгейден диплом иеленді.

“Абай Пәндік” республикалық олимпиадасынан 14 тәрбиеленуші жүлделі орындарға ие болды.

“Күз бояулары” облыстық шығармашылық байқауында 6 қатысушы орын алды.

“Мейірімділік әлемді құтқарады” аудандық шығармашылық байқауында 9 білім алушы I, II дипломдармен марапатталды.



МАД топтарындағы білім алушыларының зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелерінің сандық үлесі

8. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) көшірмесі қоса берілді.

Сынып атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
МАД №1	26	2-7%	20-70%	6-23%
МАД №2	24	7-25%	13-55%	4-20%
МАД №3	24	2-10%	14-70%	8-20%

9. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

1) Мектепалды даярлық тобының оқу жоспарының негізгі апталық сағат жүктемесі 17 сағатты құрайды, ал вариативтік компоненті - 3:

1. «Қызықты математика» - 1 сағаттан 3 сағат
2. «Қызықты грамматика» - 1 сағаттан 3 сағат
3. «Логика» - 1 сағаттан 3 сағат.

2) Оқыту тілі бойынша апталық оқу жүктемесі сақталуда.

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру (МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы қоса берілді);

2) Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелері (?? қосымшада көрсетілді).

Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

Р/с№	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	
		Топ саны/ балалар саны	Дағдыларды игерген балалар саны %*
1. Денсаулық Денсаулық сақтау дағдылары	1. Жеке бас гигиенасының алғашқы дағдыларын меңгереді. 2. Дене шынықтыру 3. Дербес қимыл белсенділігі 4. Салауатты	Топ саны – 3 Бала саны - 74	100%
2. Қатынас - тілдік дағдылар	1. Қарым-қатынас мәдениеті 2. Тілдің грамматикалық құрлымы. 3. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. 4. Сөздік қор. 5. Байланыстырып сөйлеу. 6. Шығармашылық пен тілдік қызмет. 7. Шығармаларды қабылдауы. 8. Сауат ашу негіздері	Топ саны – 3 Бала саны - 74	100%
3. Таным Танымдық дағдылары	1. Заттардың қасиеттерін бағдарлау. 2. Қоршаған ортаны тану. 3. Құрастыру дағдылары. 4. Жаратылыстану негіздері. 5. Математика негіздері 6. Ізденіс және эксперименттік әрекет. 7. Ақпаратпен жұмыс.	Топ саны – 3 Бала саны - 74	100%
4. Әлеумет Әлеуметтік дағдылар	1. Мәдени мінез-құлық дағдылары. 2. Ересектермен және құрдастары мен өзара әрекет. 3. Адамгершілік нормалары туралы түсінік.	Топ саны – 3	100%
5. Шығарма шылық Шығарма шылық дағдылар	1. Музыкалық әрекет. 2. Өнімді әрекет. 3. Қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау	Бала саны - 74	100%

12) оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1. Әр оқу жылының басында МАД топтарына бала қабылдау кезінде жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау басты назарға алынады (9-қосымша).

2. Мектебіміздегі үш МАД топтары тәрбиеленушілерді 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтайды.

МАД топтарында денсаулық сақтау дағдыларын: гигиеналық шараларды орындауды, өз-өзіне қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін

меңгеріп саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтауды үйренеді.

Коммуникативтіктілік дағдылар: тілдесу ережелерін: бейвербалды сөйлесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздерінің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс мәнерлі айтуды, жіктеуді дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын заттардың белгілері мен сапаларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланатынын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық қарапайым үлгілерін жасауды болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп баптауды күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістік-уақыт қатынасын, қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоюды, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді регистр дыбысын жырата алуды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде, минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, құрастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңынзыдылын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді,

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарымс-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау қағидаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді.

13. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің жылдық жұмыс жоспары құрылды және аудандық білім бөлімімен бекітіліп, МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестендірілді.

2) «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мектеп директорының, аудандық білім бөлімінің келісімімен, облыстық білім бөлімімен бекітілген. Жұмыс жоспарына сай 2021-2022 оқу жылына мектеп кәсіподақ келісімімен, мектеп директоры бекіткен сабақ кестесі бар. Сабақ кестесі оқу жылының оқу жоспар түрлерін басшылыққа ала отырып, жасалған. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескерілген.

Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдаланған. Үзілістерде таза ауаны кіргізіп, кабинеттерде ылғалды тазалық жүргізіледі. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 30 минут үзіліс көзделген. Бірінші ауысымдағы сабақ 8.00-ден 14.10-ке дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабағы сағат 14.30.-де басталады.

2021 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 Педагогикалық Кеңес шешімі негізінде оқу жоспары мен сабақ кестелері бекітілді.

3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес әр сыныптарда инварианттық оқу жүктемелері төменде келтірілген:

1 сыныптарда – 22,5; 2 сыныптарда – 23; 3 және 4 сыныптарда -26; 5,6 сыныптарда – 29; 7 сыныптарда – 32; 8 сыныптарда – 33; 9 сыныптарда – 34; 10 және 11 сыныптарда 33 оқу жүктемесі бар. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілуде.

4. Білім және ғылым министрілігінің 22 сәуір 2015 жылғы №227 бұйрығының негізінде 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары 2021 жылы 31 тамыздағы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасына енгізілді.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу

Тәрбие жұмысының басым бағыттары. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Тәрбиенің сегіз бағыты бойынша арнайы жоспар жасалып, жыл сайын осы жоспарға сай шаралар жүргізіліп келеді. 2021-2022 оқу жылында тәрбие бағытында іс-шаралар жоспарға сай жүргізіліп келеді.

1-қыркүйек білім күніне арналған «Кел, балалар, оқылық!» атты салтанатты жиын өтіп, 1-сыныпқа қабылданған оқушыларға Әліппе оқулығы салтанатты түрде табысталды. «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» атты бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. «Тіл-татулық тірегі» тілдер күніне апталық ұйымдастырылды. Қоғамдық ұйымдар ер балалар мен қыз балалар ұйымының, Әкелер-Аналар мектебінің жоспарлары құрылды. Отбасы күніне «Отбасы-бақыт мекені» апталығы өз деңгейінде өткізілді. Мектебіміздің инспекторы Р.Ерғалиевтің қатысуымен «Назар аудар, бағдаршам!» шарасы ұйымдастырылды. Білім алушылардың метепшілік үйірмелер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелермен қамтылуы қадағаланды. Барлық сынып жетекшілердің тәрбие бағыты бойынша құрылған тәрбие жоспарлары тексеріліп, пысықталып бекітілді.

1-қазан Қарттар күніне орай 1-11 сынып оқушылары арасында «Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты сынып сағаттары өткізілді. Мектеп ұстаздары, оқушылары арасында «Мейірімділік жүректен» - қайырымдылық айлығы ұйымдастырылды. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық 16 күндік шарасы өткізілді. 2021 жылдың 6-желтоқсан күні «Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың, суицидтің, ерте жүктіліктің алды алу» тақырыбында, ата-аналардың, аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары М.Ахметтің, мектеп инспекторы Р.Ерғалиевтің, аудандық білім бөлімі әдіскері Ж.Өсербаеваның қатысуымен кездесу өткізілді.

1-желтоқсан тұңғыш президент күніне орай 1-11 сынып арасында «Елбасы салған сара жол» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

Қазақстан республикасының тәуелсіздігіне 30-жыл толуына орай өзін-өзі тану және тарих-география пән бірлестігінің апталығы, патриоттық әндер байқауы өткізілді. 11-желтоқсан күні ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектебіміздің ата-аналарының I мектепшілік спартакиадасы ұйымдастырылды.

2022 жылдың 25-ақпан күні аудандық мәдениет үйінде өткізілген «Ұыз тәрбие – болашақтың бал бұлағы» атты балалар жылының ашылуына арналған форумына мектеп оқушылары қатынасты.

2022 жылдың Балалар жылы болып белгіленуіне байланысты, мектебімізде облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің, аудандық мәдени шараларымен бірлескен жоспар құрылып, атқарылатын жұмыстар жоспарлануда.

2021-2022 оқу жылында «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары жасалып, бекітілді. «Жас Ұлан» ұйымы отырысы өткізіліп, ұйым мүшелерінің келісімімен мектеп ұланбасы өз қызметін жалғастыруда. Ұйым жұмысы жоспарлы түрде жалғасын табуда. «Жас Ұлан» ұйымы оқушылары көптеген аудандық, облыстық байқауларда топ жарып келеді. Ұшқыр ой алаңы дебаттық қозғалысы аясында мектебіміздің «BOLASHAQ» пікірсайыс клубы аудандық пікірсайыс турнирлерінде Бауыржанқызы Жанерке, Жақасова Алина I орын иеленсе, Тәжіғалиева Арайлым, Құрманғалиев Айқоныс III орын иеленді. Жақасова Алина, Тәжіғалиева Арайлым «Үздік спикер» номинациясын иеленді. Облыстық турнирде «Үздік ойыншы», «Үздік феномен» аталымына ие болды.

Ұйым атауы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
«Жас Қыран»	82	106	89
«Жас Ұлан»	80	98	98
Барлығы	162	204	187

2021-2022 оқу жылында ішкі есепте 7 оқушы тұрады. Бұл оқушылармен жыл бойына жеке, топтық түзету-дамыту жұмыстары (дөңгелек үстел, психологиялық сабақтар, тренингтер) жүргізіліп келеді және жеке сұхбат жүргізіліп, кеңес берілді. Бұл оқушылардың сабақ кезіндегі, сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттері бақылауда ұсталды.

	2019- 2020	2020- 2021	2021-2022
Мектепшілік есепке алынған оқушылар туралы мәлімет	6	7 оқушы	9 оқушы
Ішкі істер бөлімі есебіне алынған оқушылар	-	-	-
Жағдайсыз отбасы балалары туралы мәлімет	-	-	-
Инклюзивті білім беру бағдарламасымен оқитын оқушылар туралы мәлімет	6 оқушы	7 оқушы	7 оқушы

2021-2022 оқу жылында мектебімізде 19 жартылай жетім, аз қамтылған 121 отбасының балалары, 2 жетім, 41 толық емес отбасының балалары, 299 көп балалы отбасының балалары білім алуда. Жекелеген санаттағы оқушыларымызға мектепке жол, «Қамқорлық» республикалық қайырымдылық акциялары шеңберінде, атаулы мереке күндері де көптеген әлеуметтік көмектер ұйымдастырылды. Атап айтсақ, 123 оқушыға жалпыға білім беру қорынан

мектеп сумкасы оқу-құралымен, спорттық киім, спорттық аяқ киім берілсе, «мектепке жол» республикалық акциясы шеңберінде 8 отбасының 9 баласына мектеп формасы, оқу құралдары алынып берілді. Мектеп ұжымының демеушілігімен атаулы мереке күндері аз қамтылған, көп балалы отбасыларға қажетті азық-түлік себеті сыйға тартылды. Жекелеген санаттағы оқушылар бір мезгіл тегін ыстық тамақпен, оқу құралымен, оқулықпен толық қамтылған. Осындай қайырымды іс-шаралар жыл бойы дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.

5. 2021-2022 оқу жылында Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің оқушыларының қосымша білім берумен қамтылуы өз деңгейінде ұйымдастырылды. Атап айтқанда, мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары төмендегі аталған үйірмелерге қатынасады. Мектепшілік (ақылы): Қылқалам үйірмесі – 15 оқушы; «Шаттық» би үйірмесі – 29 оқушы; робототехника үйірмесі – 22 оқушы. Ақысыз: Баскетбол – 16 ер бала, 17 қыз бала; волейбол – 12 ер бала; 12 қыз бала. «Мерген» үйірмесі – 14; футбол – 32. Сонымен қатар оқушыларымыз мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысады. Атап айтсақ, “Балалар мен жасөспірімдер” спорт мектебі тоғызқұмалақ үйірмесіне, волейбол, футбол, еркін күрес, самбо, дзюдо, бокс үйірмелеріне. «Шығармашылық орталығына» сурет үйірмесіне, мәнерлеп оқу, қолөнер, тігінші, орыс тілі, робототехника, би үйірмесі, дизайн, оригами, өлкетану үйірмелеріне қатысады. “Б.Тәжібаев атындағы музыка мектебіндегі” би үйірмесі, домбыра, қобыз, ән, күйсандық үйірмелеріне; «Темірқазық» аула клубында ағаш шебері үйірмесі, шебер үйірмесі, футбол, бокс, қолөнер, ағылшын тілі үйірмесі, дзюдо, қазақша күрес. Аталған үйірмелерге барлығы – 752 оқушы қатынасады.

Мектебіміздің оқушылары Аманкелді Әсел мен Жақсылық Нұрғали Халықаралық «Бойтұмар» өнерлі балалар байқауының «Актерлік шеберлік» бағыты бойынша үздік деп танылды. Осы оқушыларымыз аудандық мәдениет үйінің «Драма үйірмесіне» қатысады 2021 ж

Республикалық «Mediabilim» журналымен «Өрлеу» порталы әкімшілігінің ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты байқауда «Оригами» үйірмесінің оқушысы Тәжіғалиева Арайлым I орын иеленді. 2021 ж

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасындағы Байғанин ауданының ашық біріншілігінде мектебіміздің оқушылары Өтесбаева Саяжан III орын, Мерғалиева Азиза II орын, Шымбаев Мансур I орын, Атчыбаев Жанарыс I орынды жеңіп алды

Биылғы жылдың өзінде оқушыларымыз аудандық оқушылар арасындағы волейбол жарысынан 12-14 жас аралығы ер балалар I-орын, қыз балалар II-орын 2022 ж

Аудандық баскетбол жарысынан 9-11 сынып аралығы ер балалар II-орын, қыз балалар I-орынды жеңіп алды. 2022 ж.

Аудандық Ұлттық мектеп лигасы тоғызқұмалақ сайысында 7-8 сынып оқушылығы командалық есепте I орын

Ұлттық мектеп лигасы «Алтын доп» облыстық баскетбол жарысы қыздар командасы ІІ орын

Облыстық Ұлттық мектеп лигасы тоғызқұмалақ сайысында 7-8 сынып оқушылары командалық есепте ІІІ орын

Футзалдан аудандық спартакиадада мектеп командасы ІІ орын

Балалар жылына орай ұйымдастырылған аудандық тоғызқұмалақ жарысында мектебіміздің оқушылары Өтесбаева Саяжан, Мерғалиева Азиза, Шымбаев Мансур, Түгелбаев Асылан, Атчыбаев Жанарыс, Мерғалиева Інжу, Сұлтанбекқызы Асылайым үздік нәтиже көрсетіп І орын алды.

Бокстан 2008-2009 ж.т жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысының чемпионатында мектебіміздің 8 сынып оқушысы Марқабает Нұрдәулет жүлделі ІІІ орын алды

Шыңға өрмелеуден облыстық ашық біріншілікте оқушыларымыз Жауғаштин Нұртілек І орын, Кәдірбаева Нұрай ІІІ орын иеленді

І республикалық «АЛТЫН КҮН» «Музыкалық аспапта шығарма орындау» жанры бойынша мектебіміздің 7 сынып оқушы Елтоқ Мұхтасар-Бас жүлде, 5 сынып оқушысы Қазбек Тахмина-І орынға ие болды

Мектептен тыс қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірмелерге қатысатын оқушыларымызда өздерінің айтарлықтай көрсеткіштерімен, биіктерден көрініп келеді.

6) Мектебімізде бейінді оқытуды іске асыру жүргізілмейді.

7) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.

Мектеп бойынша 2,5,7,8,9 сыныптарда ерекше білім беру қажеттілігі бар 6 оқушының оқу жұмыс жоспары келесідей нормативтік құжаттардың негізінде әзірленген:

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы

№ 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) (9 қосымша);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы «8» тамызындағы №500 бұйрығы.

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 17 тамыз 2020 жылғы №350 бұйрығының 19 қосымшасына сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары;

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 25 қазандағы №545 және 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрықтарымен бекітілген негізгі және бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары.

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы «8» тамызындағы №500 бұйрығы (55 қосымша).

Облыстық ПМПК шешімі бойынша инклюзивті оқыту бағдарламасы ұсынылған:

2 ә класс оқушысы Нұржанов Ақзатқа «F-83 Задержка психологического развития» «Білім беру туралы» ҚР заңының 47 бабы 3 пункты 2 қосымшаға сәйкес жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқыту ұсынылған.

2 класс оқушысы Аманқос Аружан «F-83. Заиканиетонико-плонический дюрмыс дыхательными и артикуляционными судорогами среднейстепени выраженности»

«Білім беру туралы» ҚР заңының 47 бабы 3 пункты 2 қосымшаға сәйкес жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқыту ұсынылған.

5 в класс Кенжеғали Ибрахим «F-83 Задержка психологического развития» «Білім беру туралы» ҚР заңының 47 бабы 3 пункты 2 қосымшаға сәйкес жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқыту ұсынылған.

7 класс оқушысы Жақсығали Темірлан (үйден оқитын оқушы) «F-70. Умственная отсталость легкой степени, значительное нарушение поведения, требующее ухода и лечения»

8 класс оқушысы Рахатов Ерхат «Врожденная полная двухстороння ярасщелина верхний губы, альвелярного отростка, твердого и мягкого неба. Состояние после хейлоураностадиилло пластики органическая ринолалия» «Білім беру туралы» ҚР заңының 47 бабы 3 пункты 2 қосымшаға сәйкес жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқыту ұсынылған.

9 класс оқушысы Асқарұлы Бейбіт «F-83 Задержка психологического развития» «Білім беру туралы» ҚР заңының 47 бабы 3 пункты 2 қосымшаға сәйкес жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқыту ұсынылған.

8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру бойынша бастауыш деңгей бойынша таңдау сабақтары:

2-сынып бойынша: «Математика әлемі» (1 сағаттан) 4 сағат.

3-сынып бойынша: «Математика әлемі» (1 сағаттан) 5 сағат.

4-сынып бойынша: «Математика әлемі» (1 сағаттан) 3 сағат.

1-4 сыныптарға барлығы: 12 сағат бөлінді.

2021-2022 оқу жылында вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1сағат) курсына:

5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»;

6-сыныпта «Экология»;

7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»;

8-сыныпта «Медиасауаттылық»;

